



Жауапкершілігі жоғары - ЖАС ДЕПУТАТ

Аймағымыз халқының өкілі болып, МҰҚ мүшесіне сайланған Әубәкір Тілеуханұлы ант бергеннен кейін ресми түрде еліміздің ішкі және сыртқы саясатына елеулі ықпал ететін біршама игі бастамаларға өз үлесін қосып та үлгерді. Бұдан тыс, өзі сайланған аумақ халқының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге, аймағымыздың өркеніне баспалдақ болатын бағыттарды айқындап, оларды барлық жағымен қолдауға кешенді жобалар жасап, біртіндеп жүзеге асыра бастады. Ол Парламенттегі Білім, мәдениет, ғылым, спорт жөніндегі тұрақты комитет мүшесі, Қоршаған орта, азық-түлік және ауыл шаруашылық жөніндегі тұрақты комитет мүшесі, Индустрияландыру саясаты тұрақты комитет мүшесі, Ауаның ластануын азайту жөніндегі және жеңіл өнеркәсіпті дамыту қосалқы комитетінің мүшесіне тағайындалды.

Әубәкір Тілеуханұлы өзіне берілген құзыреті аясында МҰҚ-ың мәжілістерінде, тұрақты комитеттер мен кіші комитеттер отырыстарында халықтың ахуалы, мал шаруашылығы, қоршаған орта, аз ұлттардың мәдени мұрасы және ауылдық жерлердегі малшылардың балалары білім алатын балабақшалар мен мектептердің сапасы мен ортасын жайлы болдыру сияқты тақырыптар бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын бағыл әрі ғылыми негізде білдіріп келеді. Атап айтсақ, үкімет пен мемлекеттің арнайы комиссия отырыстарында пандемия кезінде Қазақстаннан отбасына орала алмай қалған азаматтар мәселесін ортаға салып талқылатып, бұл мәселе жөнінде тиісті министрлермен кездесіп оңтайлы шешім қабылдағты. Оның жанкешті еңбегінің нәтижесінде мыңдаған азаматтар отбасына оралды. Сонымен қатар тұрақты комитет мүшесі ретінде, «Таван толгой» компаниясы мен «Эмэлт» базарларының іс-қызметімен танысып, еліміздің экономикасына тың серпін беретін шөлейт аймақтарда атқарылып жатқан ауқымды жасампаздық жұмыстардың жемісін Баян-Өлгийліктердің де көруіне ат салысты.

Еліміз Үкіметінен жүзеге асырылып жатқан ірі мега жобалардың бірі - Тавантолгой-Зүүнбаян теміржол жобасы. Осы үлкен жобаға білікті кадрлерді дайындау үшін былтырғы жылы Дорноговь аймағындағы Кәсіптік оқыту орталығында теміржолдың 5 бірдей арнайы мамандығы бойынша сыныптар ашылған. Әубәкір осы сапарында аймағымыздың 10 азаматын Дорноговь аймағындағы Кәсіптік оқыту орталығына ай сайын 200 мың төгрөгтің шәкіртақысын бердіріп оқытуға шешім шығартты. Жоғарыдағы оқу орталығына қамтылған әрбір студент ай сайын 200 мың төгрөгтің шәкіртақысын алумен қатар, Тавантолгой-Зүүнбаян теміржол жобасында практика жасап, оқу бітіргеннен кейін бірден жұмыспен қамтамасыз етілетіндігімен ерекше. Ол бұнымен ғана шектеліп қалмай, болашақта студенттердің данын арттырып, нарықтық сұранысқа ие кадрлерді даярлауды жоспарлап отыр. Еліміздің сауақпен санарлық стратегиялық маңызды кен орындарының бірі - «Асгат» күміс кен орны. Өткен жылы аталмыш кен орнын экономикалық айналымға енгізу туралы жұмыс тобы құрылған. Жұмыс тобының мақсаты - Үкіметке және басқа да тиісті органдарға бағыт-бағдар беріп, тұрақты комитеттің қаулысын қамтамасыз етуге бағытталған. Осы жұмыс тобына Әубәкір Тілеуханұлы жетекшілік етті. Егер «Асгат» кен орны пайдаға берілсе аймағымыздың бюджетін толықтырып ғана қоймай, әлеуметтік салаларды дамытуға қомақты үлес қосатыны айтпасак та түсінікті.

Қашанда ел тынысын бақылап, халықтың қамын ойлап, жоғын жоқтап, олардың замана көшінен қалып қалмауын қадағалап отыратын Әубәкір Тілеуханұлы Улаанхуста болған су тасқыны салдарынан халық зардап шегіп жатқанда да қарап қалмады.

Ол баспанасынан айырылған 4 отбасының мәселесін құзырлы ұйымдарға таныстыру арқылы «ТКА» яғни Түркияның ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің көмегімен баспана мәселесін жедел шешіп берді. Ғимараттарды 2021 жылдың бірінші тоқсанында пайдалануға беруді жоспарлаған. Алайда, 2020 жылдың 24 қазанында сол 4 отбасының пәтерлері мерзімінен бұрын пайдалануға беріліп, 4 бірдей отбасын теңдессіз қуанышқа бөледі.

(Жалғасы 2-бетте)

Салар нәтижесін саралқа салар болсақ...

ЦАМБАГАРАВ БАУРАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ҚАЛАЙ КҮН КӨРЕДІ

«Түгін тартса майы шыққан» топырағы құнарлы, қойнауы құтқа, қойыны тарихқа толы осынау Баяннуур өлкесінде кезінде қазына шаруашылығы шұрқырап, аймағымыз түгілі, көршілес Ресей еліне жерінен жеміс, қырманнан егіс бергені ел есінде болар. Іс сапарын осынау



іргелі елден бастаған Аймақтық АОХ-ның төрағасы Бейбітхан Нұриұлы Баяннуур сұмыны 1-інші бақ яғни Цэцэгт бағындағы халықтың қыс жағдайымен танысты. Бұл өңірлерде қыс белгісі қырау тұндырған шыңылтыр аяз болмаса, қар түспей кейбір қыстауларда сусын тапшылығы туындағаны байқалады. Осы өңірге қылышын сүйреткен қыстан бұрын тағы бір қысым Цамбагарав қорық жерлерін қорғау әкімшілігінен келіп отыр. Ховд аймағының Эрдэнэбүрэн, Мянгад, аймағымыздың Баяннуур, Алтанцөгц сұмындары жерлерінің шекаралас өңірлеріндегі бұл Цамбагарав арнайы қорық жері ең алғаш 2000 жылы МҰХ-дың 29-шы қаулысы бойынша мұз зерттеу ерекшелігі

бар, ілбістің тұрақты өсуін қамтамасыз ету мақсатында арнайы қорыққа алынып, қорғауға алу жұмысы өткен мамыр айында табиғат қорғау министрінің шешімімен Моңғол-Алтай жоталарының мемлекеттік қорық жерлерін қорғау әкімшілігіне тапсырылған. Қорғауға алынған өңірдің 70 пайызы аймағымыздың Баяннуур, Алтанцөгц сұмындарының өңірлеріне тиесілі болғанымен, қорықтың әкімшілігі Ховд аймағының құзырына берілген. Ал бұл әкімшілік қорық жерлеріндегі яғни Баяннуур сұмын 1-ші, 2-ші бағындағы біршама ауыл үйлерге жуырда жайылымды қоршағаны үшін айыппұл салып қиындықтар туғызып отыр.

«Біз ата қоныс болған осы өңірді көп жылдар бойы мекендеп, қоршаған жайылымдарды суландырып, ағаш егіп, азын-аулақ егін салып дегендей тіршілік етіп келеміз. Яғни осы өлкенің табиғатын қорғауға сан жылдар ат салысқан біздер бүгіндері қиыншылыққа душар болып отырғанымызды ел иелері ескерсе екен» - дегенді азаматтар айтып өтті. Бұл өңірдегі 20 гектар алаңды аймағымыздағы



Моңғол-Алтай жоталарының қорық жерлерін қорғау әкімшілігі қоршап, 30 мыңнан астам ағаш егіп, бірнеше түрлі көкөніс түрлерін де өсіріп келеді.

(Жалғасы 2-бетте)

“ҚОҚ ТӨБЕ” ҚОНЫС АУДАРАДЫ

Әу баста аймақ орталығын коқысыз, таза қала болдыруды мақсат еткен Аймақ әкімі Бауыржан Дәлелұлы бастаған жұмыс тобы аймағымыздағы қоқ төбесі, көк каша, сондай-ақ Қобда өзені аңғарындағы су шығаратын көмейлерді аралап қазіргі жай күйімен танысты. Халықтың алаңсыз тіршілік етуі адамның – денсаулығы үшін қоршаған ортаның қауіпсіздігі аса маңызды. Осы тұрғыда аймағымыздың ауасы, суы, топырағы таза, қауіпсіз болуы қажет. Аймағымыздың қоқыс мәселесі, “қоқ төбе”-ге барып тіреледі. Көп жыл бойы айтылып шешімін таппай келе жатқан көше арасындағы, қала шеттеріндегі коқыстар мен қоса “қоқ төбе” маңы да адам шошырлық жағдайға жеткен. Өлгий сұмынының қоқыс төгетін жері қала орталығына жақын орналасқан. Соның салдарынан түрлі коқыстар сол маңдағы ауыл үйлердің ауласына дейін келіп жатыр. Қоқыстар қағаздар далаға, өріске, қоқ төбенің кашасында шыршаға ілген әшекейлердей самсап тұр. Ұзақтан қарағанда іліп қойған шар тәріздес көрінгенімен темір тор кашаға жаппай ілініп, қараған бұталарда желбіреген жылтыр қағаздардан аяқ алып жүргісіз. Бұл жерде ит те құс та, бірер жарым адам да, сиыр да кездесті. Сиырдың өрісі де “қоқ төбе” маңайы екен. Осы сиырдың сүтін сіз бен біз ішіп, етін жеп отырмасымызға кім кепіл? Сонымен қатар “қоқ төбе” маңайын көптеген құстар мекендейді. Сол жерді қыстайды. Ал, түрлі жемтік шоқыған қарға құзғындар аймақ орталығына келіп қонып, тұмау т.б ауру таратпасына да ешкім кепілдік бере алмайды. Әрі ұшақтың ұшып-қонуына да кедергі жасайды. Өйткені әуежай аймақ орталығынан бірнеше шақырым ғана қашықтықта орналасқан. Аймақ әкімі бастаған жұмыс тобының құрамында Өлгий сұмыны, Бугат сұмын әкімдері Д.Есболат, Жамбылдармен қатар табиғат қорғау, туризм басқармасының бастығы Ш.Марат, Әуежай басшысы К.Ержан және БАҚ құралдары өкілдері болды. Қоқтөбені көрген басшылар аймағымыз орталығынан алыс аумаққа көшіру қажет деген пікірге келді. Бізбен жарыса коқыс артқан

самосвал жүк көлігі де келіп жетті. Шаңын бұрқырата келген жүргізуші күлдің бетін жаппаған. Бұл тек бер жағы, коқыстарын ауыл-үйдің арасына тастап кететіндер де көп. Дегенмен жүргізушілер үшін күл-коқыс тасу машақатты жұмыс. Өйтсе

ТАБИҒАТ АЖАРЫНАН ТАЙМАУ ҮШІН ТАҒЫЛЫМДЫ ІС ҚАЖЕТ



де отбасын асырау үшін еңбектің жаманы жоқ деген ұстаныммен күніне 4-5 рет рейс жасап, халыққа даяшылық көрсетуде. Бұдан соң бұрынғы “қоқтөбеге” бардық. Бұл жерде ет өндірістерінің сүйектерінің күлімісі иісі шығып, қарға құзғындардың салған әнінен құлақ тұнады.

Өз пайдалары үшін қызмет атқарып отырған ет өндірістері ең болмаса мал өнімдерінің қалдықтары мен сүйектерін көмбепті де залалсыздандырмаған. Ал, бұған табиғат қорғаушылар неге назар салмаған? Жалпы табиғат қорғауға байланысты бір емес бірнеше ұйымның жұмыс жасағаны көрініп тұр? Аймақ әкімі және басқа да басшылар Бугат жеріне өтіп, жаңадан коқыс төгуге ыңғайлы жерді шолып қайтты. Аймақ орталығынан 6-9 шақырым аумақтарды аралап, бірнеше жерге барды.

“КӨК ҚАШАМЫЗ” КӨГЕРЕДІ

Қаланың жел жағына ағаш егіліп шарбақпен қоршалған аумақты аймақ халқы “көк каша” деп атап кеткен. “Көк кашаға”-ны көгалдандырып, арық тарту жұмыстары 70-80 жылдардан қолға алынып Құрметбек, Хүрлээ бастаған ел ағаларының

бастамасымен іске асқан деп естиміз. Бүгіндері жұрт Хүрлээ арық деп атап кеткен арықтың жұрнағы да жоқ. “Көк каша” да әжептәуір арықтап жиегін жағалай жұрт қоныстанып алған. Ал, ағаштар қурап, жойылудың аз-ақ алдында тұр. Көктем келсе қазағым ағаш егіп күзде жинап алып жатады. Еккен ағаштар жерлеп тастағандай зым зия жоқ. Әрі осы аумақтан жер алып үй салып алған, өз басының ғана қамын ойлайтын қалталылар мен жерді ағайын-туыс, жақындарына жең ұшымен тарататын кез-кездегі басшыларды аймақ әкімі Бауыржан Дәлелұлы қатаң сынға алды.

Көктем шыға аллергия басталады. Бұл – аймағымыз ауасы ластануының айқын көрінісі. Сондықтан да аймақ әкімі коқыстан арылып, жасыл орта қалыптастыруды алдағы төрт жылда іске асырмақ. “Көк каша” бағытындағы арыққа су келмейді. Кезінде 80 жылдары Ресей елінен арнайы мамандар келіп арнайы сурет жобасын шығарып, Сагсай бағытындағы Қобда өзені аңғарынан арнайы көмей жасап, сол арқылы аймағымыз орталығына дейін арық суы келетін. “Осыны қайта қолға алуымыз қажет”

дейді. Су шаруашылығында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған Сесер Мұратқанұлы. Алдағы уақытта коқыс төбесі залалсыздандырылып, қайта қалпына келтіріліп, ал, коқыс төгетін жаңа орын Бугат жеріне көшірілуі керек деген шешімге келді аймақ, сұмын басшылары.

ҚАЛА ЖАРЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛДІ

Аймақ және Өлгий сұмын басшылары Өлгий қаласы орталығындағы жарықтандыруға байланысты азаматтардан келтірілген арыз-шағымдарға байланысты кешкі сағатта қала орталығындағы біршама көшелердің жарықтандыруымен танысып жұмыстады. Азаматтар жұмыстан қайтатын қысқы уақыттарда қараңғыда жүру қиыншылық тудырумен қатар, ұрлық, тонау қатарлы қылмыстар шығуы мүмкін дейді мамандар. Қала көркіне көрік қосатын осынау жарықтандыру бағаналарының кейбірін машина соғып мүлдем істен шықса, көбінің лампалары өртеніп, оларға қалпына келтіру жұмыстары жасалмаған. Осыған орай Аймақ Әкімі Д.Бауыржан Өлгий сұмын әкімі, қала әмірі Д.Есболатқа тапсырмалар беріп, нәтижесінде қала жарығы қалпына келді.

Айбота Әлейханқызы

АҚПАРАТ АЛМАСУ АҢҒЫ

Брыстан ынтымағы озған ел болу әрі халықаралық аренада биік орынға ие болу мемлекет тізгінін ұстап отырған басшыға тікелей байланысты. Сократ «Елді билейтіндер алған білімдерімен емес, өздерінің терең өмірлік таным – түсініктеріне сүйеніп мемлекетті басқаруы керек» деп санағандай, қазақ тарихындағы қиын – қыстау кезеңдердің куәсі болған ұлт лидері өмірден түйген тәжірибесі негізінде батыл қадамдар жасап, кеменгерліктің көрінісін танытты. Халқымызға есепсіз радиациялық нәубет әкелген Қазақстан аумағындағы ядролық зымырандар жүйесін жоюға бірден кірісіп, өзге мемлекеттердің ядролық сынақ полигондарының жабылуына тікелей ықпал етті. Елбасының бұл әрекеті, әрине, әлем қауымдастығынан жаппай қолдау тауып, баршаға үлгі болды. Қазақстан мен Елбасының халықаралық аренадағы абыройы асқақтады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев басшылығымен жүргізілген тәуелсіз Қазақстанның негізгі реформаларының маңыздылығын ашу және жастарға жеткізу мақсатында Қазақ ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz/>, Тарих, археология және этнология факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасы және ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Тарих және шетел тілдері институты, Тарих кафедрасының оқытушылары «Елбасының парасатты шешімі» атты халықаралық студенттік онлайн дөңгелек үстел өткізді. Іс-шара «Тәуелсіздіктің жеті қыры» топтамасының «Парасатты шешім» деректі фильмінің негізінде ұйымдастырылды. Студенттер Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тап болған жеті негізгі қиындықтардың бірі - антиядролық бастамалар мен Арал проблемасы жөнінде сөз қозғап, Тұңғыш Президенттің парасатты шешімдерін жан-жақты талдады. Онлайн форматында өткен дөңгелек үстел жүйелі ұйымдастырылған әрі

студенттер маңызды да, құнды ақпараттарды ұсына білді. Екі университет студенттері пікір алмасу барысында мазмұнды баяндамалары негізінде сапалы ақпарат алмасу алаңын құрды. Қорытындысында жастар іс-шара тақырыбында өлеңдер оқып, шығармашылықтарын танытты.

Амантай Таңнұр:

29 тамыз. 1949 жыл еді,

Талай жылдың құрбанына айналған,

Талай жанның саулығына байланған

Бұл уақытты бүкіл одақ біледі.

Иен далада, кең далада қазақтың
Басталады ауыр әрі азап күн
Жалғыз көзді, жалғыз қолды аяқты
Мен атомнан сәлем жолдар қазақтың.

Ауыл көшті, қараша үй қалмады.
Жалғыз көзді 7-8 бармағы.
Дәл осындай сәби келді өмірге
Бұл - атомның нағыз бір сұм зардабы.

Жетер болды, тоқтау керек бәріне
Үндеу жетті үлкен кіші кәріге.
Сүлейменов көк мінберде сөйледі
Үкіметке билікке де бәріне.

Халық шықты, қапы қалып жатпады,
Бар тілегі Неваданы жаппағы.
Алаңдады солтүстік пен оңтүстік
Жағдайға шығыс мекен жақтағы.

1989 жыл еді
Дәл осыны бүкіл қазақ біледі.
Сол бір хабар таратылды бәріне
Әр жұртымның түсті орнына жүрегі.

Тоқтатылды атылғаны атомның
Жетер енді 40 жылдай атылдың.
Енді сені көрмейікші қайтадан
Естімейік атом деген атыңды.

Көрегенді саясаткер дарасың,
Парасаты өз алдына дара шын.
Әбішұлы сол жарлыққа қол қойды
Содан бері тарих болып қаласың.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Тойшыбекова Жұлдыз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ибрагимова Меруерт, Тасилова Назия

ЕЛБАСЫ – МӘҢГІЛІК ЕЛ КӨШБАСШЫСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде <https://www.kaznu.kz> білім алушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, танымдық ой-өрісін жетілдіру мақсатында әр оқу жылында түрлі тақырыпта іс-шаралар өткізіліп тұрады. Сондай мерекелік іс-шаралардың бірі филология және әлем тілдері факультетінің I курс студенттерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «ЕЛБАСЫ – МӘҢГІЛІК ЕЛ КӨШБАСШЫСЫ» атты тақырыпта танымдық кеш өткізілді.

Аталмыш танымдық кештің мақсаты - ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен шығармашылыққа толы атқарылған істері туралы толық ақпараттар беру, Елбасының қазақ елі үшін жасаған істерін үлгі-өнеге ету. Сондай-ақ, студенттерді Отанды сүйуге, Елбасы туралы мағлұмат алуға, адамгершілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу, тәуелсіздікке жету жолында атқарылған жұмыстарға шолу жасай отырып, ұлтжандылықты бойларына дарыту.

Кештің бірінші бөлімінде Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өмір деректерінен (кино үзінділерінен) видео көрсетіліп, поэзияны жанына серік еткен ақын студент Құдайберген Аяжан Елбасына арнау өлеңін оқыды. Ал, «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» тақырыбындағы презентацияда Қазақстан халқының бақытты өмірі, баянды болашағы үшін бар саналы ғұмырын арнаған Елбасының жарқын бейнесін көруге болады.

Мерекелік іс -шараның екінші бөлімінде қазақ елінің тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктері мен мақтаныштарына толы Елбасының қаламынан шыққан кітаптармен таныстырылуы және ҚР Тұңғыш Президенті –Елбасы туралы әр ел Президенттерінің пікірлерін түрік, орыс және ағылшын тілдерінде студенттердің жатқа айтып жеткізуі танымдық кештің маңыздылығын арттыра түсті. Мәңгілік елдің көшбасшысы, көреген саясаткер Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіздік тұғырының беріктігі мен елдігіміздің тұтастығын сақтаудағы дара жолын студенттер өлең-жырлармен де жеткізе білді. Сонымен қатар қобыз бен домбырадан күй орындалып, патриоттық ән айтылып, студенттер өз өнерлерін ортаға салды. Танымдық кеш барысында ұлттық коды мен ұлттың бірлігін сақтаудағы ұлы тарихи тұлға Елбасының ерен еңбектері қамтылған «Тапқыр студент» викториналық ойын да көрермендердің көңілінен шықты. ZOOM платформасында өткен танымдық кеш жоғары деңгейде өтті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті м.а., Р.Н.Дәрменқұлова, ф.ғ.к., аға оқытушы Ж.Б.Саткенова, ф.ғ.к., аға оқытушы Ә.Ж.Әміров.



Зияткерлік меншік және мемлекет – 2050

Қазақстан өз егемендігін алған күннен бастап, дүниежүзілік қауымдастықтың мүшесі болды. Сол арқылы дүниежүзілік қатынастарда өзінше сәйкес құқықтар мен міндеттерді қабылдап отыр. Солардың бірі зияткерлік меншікті қорғау.

Зияткерлік меншік материалдық емес игілікке жатады. Ол ешкімнің меншігіне берілмейді. Яғни зияткерлік меншік тек құқық иесінің келісімімен ғана пайдаланатын ой-өрісі мен рухани байлығы немесе шығармашылығы десем қателеспеген болармын. Қысқасы, бұған ғылыми-зерттеу, жеке шығармашылық жұмыстар, адамның рухани мәдениеті кіреді.

Мемлекетіміздің тұңғыш басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан 2050» жылға қойылған бағдарлама бойынша әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруін қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан халқына біраз міндеттеме қойды. Зияткерлік меншік бағытын тиімді қамтамасыз етуге тиіс ұлттық құқықтық жүйеге жоғары талаптар қоя отырып, біз еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін барлық мемлекеттік органдардың міндетті талаптарын орындауымыз қажет. Мысал ретінде зияткерлік меншік нысандарына – өнертабыс, жаңалық, жетістіктер, пайдалы үлгілемелер, өнеркәсіптік үлгілер, тағы басқа берілген патенттерден туындайтын құқықтарды алып қарастыруға болады. Осы тұста еліміздің мақтанышы боларлық дүние жүзінде жоқ байлықтың Отаны екеніміз белгілі. Біздің елімізде Менделеев таблицасының 97 элементі бар.

Ғылым, әдебиет, өнер туындыларын жасаушы ақыл-ой адамдарының кітаптары, спектакльдер, опералар, музыкалық туындылар, сызбалар, формулалар, тағы басқа түріндегі зияткерлік жұмысының жемісі болып табылатын шығармалық қызметтің нәтижелеріне тоқталатын болсақ, онда олар: А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, Қ. Сәтпаев сынды біртуар азаматтар. Өнер жолындағы майталмандар: А. Әшімов, М. Өтекешова, Ж. Ерман, Қ. Болманов тағы басқалар салған сара жолдар халқымыздың мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі болмақ.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардан туындайтын құқықтар, ноу-хауға берілген құқықтар, зияткерлік меншіктің дәстүрлі емес нысандарына жатады. Мемлекетіміздің кейбір қалаларында пилотты мектептер жетекшілік атқарып, болашақтың басты қаруы «робототехника» саласына да айтарлықтай көңіл бөлінеді. Мемлекет тарапынан жастарға, келешек мамандарға қолдау жасалса, зияткерлік меншіктің заңдық құқықтары тиісті орындалып, қоғамда өз орнын алатыны мәлім.

«Қазақстан дамыған 2050» жылға бағыт-бағдарын нық ұстаған мемлекет болу үшін: денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыру.

Әуезов ауданы,

Ғ. Мүсірепов атындағы 86 мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі, сарапшы Жиенбаева М.А.

Студенттік жылдардан естелік

Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне (ол кездегі КазГУ) түсу 1989 жылғы әрбір түлектің арманы болғаны анық. Себебі сол жылдары да, қазіргідей алдыңғы қатарлы оқу орнының – кара шаңырақтың даңқы жер жарып тұрған кез. КазГУ-ге түсу оңай емес, ол үшін «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығу керек. Республиканың жан-жағынан келген түлектердің ішінен тек өзіне сенімдісі ғана осы ЖОО-ның таңдайды. Сондай-ақ арман арқалап келген талай түлектердің тауы шағылып ауылдарына қайтса, бақыты жанғандары «ҚазҰУ түлегі» атанып астанада қалды. «КРО» мамандығы («казахский язык и литература в русской школе») 1989 жылы тек екінші жыл түлектерді қабылдап жатқан кезі. Әлі бұл пәннің бағдарламасы нақтыланбаған, іргетасы қаланбаған еді. Оқытушылар бірінші күні аудиторияға кіргеннен-ақ, бізді менсікпиремей, «КРО» екенсіңдер ғой, ертең «не рыба, не мясо» боласыңдар деп ашық емеурін де білдіріп жатты.

Алайда біздің КРО тобы ең белсенді топ болды. Сол кездегі ұстаздардың айтпай кеткенін ашып айтқызып, өздеріне керек білімді қадалып сұрап алатын. Аптасына бір күн «шығармашылық күн» болатын. Сабақ жоқ, ұйықтайсың ба, қыдырасың ба, өзің білесің. Алайда біздің топ олай етпейтін, таңнан тұрып алып «Пушкинқаға» (Пушкин атындағы (қазіргі Ұлттық) кітапханаға) ағылатын. Бір-бірімен жарыса оқитын. Қазіргідей көшірме, сканер деген жоқ. Кітапқа қолжетімділік дегенді түсінде де көрмейсің. Бір кітап 10 шақты оқырманға есептелген. Біреуі алса, 9-ы кезек күтіп тосып отыратын. Сосын бекер келгенше деп кітап, газет-журналдарды оқи беруші еді. Көбісінің ақындық қасиеті осылай жыр кітаптарын оқып ашылған да шығар, кейбірінің өмірге деген көзқарасы осыдан өзгеріп те кеткен болар, бәлкім... Қазір жас жеткіншектерді «губка» сияқты, бәрін сіңіріп алады дейміз ғой. Сол жылдары біздің замандастарымыз да өз өмірлеріне қажетті ақпаратты қабылдап, өз беттерімен тұжырым жасап, өмірдің өткелдерінен сол алған білімдері арқылы өткенін де жоққа шығара алмаймыз.

Ал сол жылдардағы Ұстаздар қандай еді?! Өз пәнінің шеберлері де, жетерлік еді. Студент ретінде өзімізше кейбір оқытушыларға лақап ат қойып қоятынбыз. Филология факультетінің деканы ол кезде Мырзатай Серғалиев болатын. Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Рақымжан Тұрысбек еді. Тұрысбек Кәкішев сияқты ұстаздар студенттің білімі мен пайымына, мінезіне қарап бағалайтын. Сонысымен студенттер арасында жоғары бағаланатын. Ары таза, азаматтық болмысы биік ұстаз әділдік, шындық деген ұлы қасиетті бойымызға мүмкіндігінше дарытуға тырысатын. Бізге бір семестр ғана сабақ берді. Факультеттегі сол кездегі жалғыз академик Зейнолла Қабдоловтың алдын көргенімізді мақтан етеміз. Ұмытпасам «Әдебиет теориясы» пәнінен дәріс оқыды. Ол кісінің дәрісінен ешкім қалмайтын. «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» мамандықтарында оқитын студенттермен бірге 3 топ үлкен залда отыратынбыз. Шыбынның ызыңы естілмейтіндей тыныштық орнайтын. Залға келбегі келісті, бойы биік келген, жүрісі ширақ, маңдайы ашық оқытушы кіріп келгенде, бәріміз Әзілхан Нұршайықовтың Ерболы сияқты орнымыздан партаны сатұр-сұтыр еткізіп атып тұратынбыз. Дауысы сондай жағымды, әуезді естілетін. Дәрісін жайлап бастап, сөздерін анық айтқанда зал сілтідей тыңдап, ой иірімдерінің жетегіне еріп кете беруші едік...

Қазақ тілінен – Рақыш Әмір, Мархабат Тomanov, Берікбай Сағындықұлы, Асылбек Тасымов, Талғат Сайрамбаев, Анар Салқынбай, Раушан Авакова, Ғазиза Иманалиева, Бейбіт Исханұлы, әдебиеттен – Зейнолла Қабдолов, Тұрысбек Кәкішев, Рахманқұл Бердібаев, Алма Қыраубаева, Сейділда Ордалиев, Жаңғара Дәдебаев, Шәкір Ыбыраев, жалпы тіл білімінен – Алтай Аманжолов, Эленора Сүлейменова, Фаузия Оразбаева, ал орыс әдебиетінен – Галина Морозова, Мадзигон Михаил Васильевич, Багизбаева Мая Михайловна, Сагалович Светлана Михайловна, Әбішева Ұлболсын Құрманғалиевна, Ашимханова Светлана Ашимхановна сабақ берсе, кураторымыз Қуатбек Молдабеков болатын.

Біздің өмірде өз орнымызды табуымызға, адам болып қалыптасуымызға септігін тигізген аттары аталған, аталмаған ұстаздарымызға мың да бір алғыс айтамыз. Өз қызметтерін мүмкіндігінше атқарып, біздің өмірімізде ұмытылмастай іздерін қалдырған ұстаздарымыздың еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес.

Құрметпен, 26 жыл бұрын ҚазҰУ-ды бітірген түлектер, қазіргі оқытушылар: Иманқұлова Салтанат, Рамазанова Шайгүл, Егізбаева Назыкен.